

ҚАЗАҚСТАН

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ТЕМІРЖОЛ ШЫҒАР

№8 [2392] 05/02/2019

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «КТЖ» – @railways.kz / «КТЖ» ҮК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

Зейнолла АХМЕТЖАНОВ,
ПРЕДСТАВИТЕЛЬ ДЕПАРТАМЕНТА
РАЗВИТИЯ ТРАНЗИТА И ТРАНСПОРТНОЙ ЛОГИСТИКИ МИР РК:

«КАЗАХСТАН УДЕЛЯЕТ ОСОБОЕ ВНИМАНИЕ ПЕРЕОРИЕНТАЦИИ ГРУЗОВ НА СУШУ, ТО ЕСТЬ ЧЕРЕЗ ТЕРРИТОРИЮ КИТАЯ В КАЗАХСТАН, ПОТОМ В РОССИЮ, БЕЛАРУСЬ И ЕВРОПУ, ЭТО СЕВЕРНЫЙ ПУТЬ. ВТОРОЙ ПУТЬ – ЧЕРЕЗ КАСПИЙСКОЕ МОРЕ, АЗЕРБАЙДЖАН, ГРУЗИЮ, ЧЕРНОЕ МОРЕ И ДАЛЕЕ В ЕВРОПУ»

ДОСТИЖЕНИЕ

ЭЛЕКТРОВОЗ ЧЕРЕЗ КАСПИЙ В АЛЯТ

Очередной электровоз казахстанского производства отправлен со станции Сороковая для Азербайджанских железных дорог.

Асель ШАЙХИНОВА



Электровоз проделал путь по железной дороге, а это около 2,5 тысячи километров, до станции Курьк-порт. Затем был отправлен паромным судном «Меркурий» через Каспийское море до порта Алят.

Напомним, в июне прошлого года на заводе по выпуску электровозов «Электровоз құрастыру зауыты» был презентован первый грузовой электровоз Prima

T8 серии AZ8A, изготовленный для ЗАО «Азербайджанские железные дороги». Как отмечают специалисты, грузовые локомотивы серии AZ8A являются аналогом казахстанского электровоза KZ8A, адаптированным для Азербайджанских железных дорог.

По их словам, электровоз казахстанского производителя является тяжеловесным грузовым локомо-

тивом, разработанным согласно техническим требованиям заказчика и соответствует стандартам ГОСТ и ТУ. 200-тонный тяжеловоз является одним из самых мощных электровозов в мире, способен тянуть состав до 9 тысяч тонн и разгоняться при этом до 120 километров в час. Поражает локомотив-тяжеловоз и своей выносливостью. Он может с легкостью развезать в

50-градусные мороз и жару. Сердце электровоза – тяговой трансформатор. Его мощность – 8,8 мегаватт, или 12 тысяч лошадиных сил. Электричества, вырабатываемого двигателем, хватит, чтобы обеспечить небольшой город. Впечатляет кабина машиниста. Она оборудована по последнему слову техники.

Фото предоставлено пресс-службой АО «НК «КТЖ»

АЙЛЫҚ

МАҚСАТ – ДИСПЕТЧЕРЛЕР ЖҰМЫСЫН ЖЕТИЛДІРУ

Диспетчер – қозғалыс командирі деп бекер айтылмаса керек. Теміржол көлігі қызметінде бүкіл қозғалысты басқарып отыратын диспетчердің сауаттылығы мен жауапкершілігіне көп нәрсе тәуелді. Егер диспетчер қателікке бой алдырар болса, оның соңы бір-бірімен шынжырдай байланысып жатқан бүкіл жол бойындағы қозғалысқа кері әсерін тигізіп, келеңсіз жағдайларға әкелуі мүмкін.

Сұлғұл БАКЕСОВА


Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінде диспетчерлік аппарат жұмысын ұйымдастыру бойынша үш айлық басталды. Шара аясында диспетчерлік аппарат үшін стандартты емес және авариялық жағдайларда іс-қимыл тәртібін жасау және пысықтауға қатысты техникалық сабақтар ұйымдастырылмақ. Шараның көздеген мақсаты – диспетчерлер жұмысын жетілдіріп, жағдайы мен сапасын арттыру.

«Жүк тасымалы бөлімшесінің жұмысын диспетчерлік аппаратсыз көзге елестету мүмкін емес. Үстіміздегі жылдың 1 ақпаннан басталып, 1 мамырға дейін созылатын үш айлық диспетчерлік аппараттың біліктілігін және қозғалыс қауіпсіздігі деңгейін арттыруға бағытталып отыр. Маңғыстау бөлімшесі диспетчерлік бастылық жүйесінде дұрыс қойылған басымдықтар есебінен пойыздар мен вагондар ағынын ілгерілету логистикасын жақсарту бойынша бір мақсаттар қойып отыр», – деп өз ойымен бөліседі филиал директорының бірінші орынбасары Ерлан Бүркітов.

Оның айтуынша, бүгінде диспетчерлік аппарат ұзындығы

1331 км құрайтын бөлімшедегі қозғалыс жұмысын тиімді басқарып отыр. 59 жекелеген пункттің, 2 теңіз портының жұмысы үздіксіз диспетчерлік бақылауға алынып, көрші Әзербайжан, Түрікменстан, Өзбекстан мемлекеттерімен мемлекетаралық түйіспелерде және бөлімше аралық түйіспелерде пойыздар алмасу жүзеге асырылуда екен. Сонымен қатар «Қасқор-транссервис» АҚ және Ерсай кемежөндеу зауытының кірме жолдарымен өзара жұмысты қамтамасыз етіп отыр.

Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің диспетчерлік аппаратының денін жастар құрайды. Олар жылдың төрт мезгілінде, күн-түн демей пойыздардың қалтқысыз қозғалысын қамтамасыз етуге машықтанған. Бүгінде бөлімшенің ең көрнекті нысандарының бірі болып отырған диспетчерлік орталықтың безендірілуі мен жаратқандырылуы да көз тартарлық ерекше. Заманауи ақпараттық стендлер, түрлі логотиптер, пайдалану қызметінің мониторингін арналған дисплейлер, көмескі және ашық түсті жарықтандыру, тағысын тағылар өздерін «қозғалыс қызметінің



командирлеріміз» деп атағанды ұнататын жас қызметкерлердің өз қолдарымен жасалған.

Соңғы бес жылда пойыз диспетчерлерінің штаты толық өзгерген, зейнетке кеткен ардагерлердің орнын жоғары оқу орнын бітіріп келген талабы таудай жастар басқан. Бір диспетчер «Құрметті теміржолшы» белгісімен, екіншісі жоғары наград болып табылатын Компартия президентінің атаулы сағатымен марапатталған. Сонымен қатар «Жылдың жас диспетчері» аталымы бойынша дипломымен марапатталған үш

жас – ұжымның үміті екен.

«Маңғыстау диспетчерлік орталығы – жас болса да тәжірибесі жоғары ұжым. Өйткені, біздің диспетчерлер Өзбекстан, Түрікменстан секілді бірнеше шет мемлекеттермен шектесетін тораптық түйіс станциясы бар, Қазақстандағы бірден бір су жолымен де байланысатын ерекше миссияға ие бөлімшеге қызмет көрсетеді. Сондықтан үш айлық шара диспетчерлік аппараттың жұмысын одан әрі жетілдіріп, тәжірибесін шындай түсері анық» дейді Ерлан Бүркітов.

Суретті түсірген Ұлан ОРАЗ

АҚПАРАТ

КҮН ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ



Шымкент темір жолының Сарыағаш станциясына таяу Жылға елді мекенінде 42 гектар жерді алып жатқан қуаттылығы 20 МВт құрайтын күн электр станциясының құрылысы аяқталуда. Болашақ энергиясы темір жол мен елді мекендерді де жарықпен қамтамасыз етеді деп күтілуде.

Күн сәулесі – сарқылмас энергия көзі. Күн энергиясының маңызды артықшылықтарының бірі оның қоршаған ортаға қауіпсіздігі және арнайы жеткізу құралдарының қажет еместігі болып табылады. Сондықтан тиімді де пайдалы нем арзан энергия көзін жыл он екі ай күн сәулесі төгіп тұратын оңтүстікте неге пайдаланбаққа? Бұл істі алғашқылар қатарында теміржолшылар қолға алды. Жобаны қазақстандық «EcoProTech-Astana» компаниясы германиялық «DERA GmbH» компаниясымен бірлесіп жүзеге асыруда. Тартылған инвестиция көлемі – \$35 млн. Күн электр станциясының құрылысы аясында 77 мыңнан астам фотоэлектрлік модульдер, 10 инвертор мен трансформатор, сондай-ақ 10 таратушы құрылғы орнатылуы көзделген. «Жасыл» энергия көздерінен өндірілген электр энергиясы «KEGOC»-қа жеткізіледі. Жобаны жүзеге асыру аясында 20 жұмыс орны ашылады.

Қазіргі уақытта құрылыс алаңында модульдерге арналған металл конструкциялар салынған. Осы ақпан айында күн батареялары мен трансформаторлар блогы орнатылады. Ал электр станциясының іске қосылуы наурыз айына жоспарланған.

Жобаны жүзеге асыруға «Түркістан» ӘКК» АҚ филиалы – «TURKISTAN INVEST» қаржылық көмек көрсетуде. Өз кезегінде Жылға шағын станциясында салынып жатқан күн электр жобасы Шымкент электрмен жабдықтау дистанциясының жүгін жеңілдетіп, жұмысын жақсарту түседі деп болжанып отыр.

Жаная СЫДЫҚБАЙ, Түркістан Суретті түсірген автор

ЦИФРА НОМЕРА

13500 км

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПОЛОТНА ЗА НЕДЕЛЮ МОНТЕРЫ ПУТИ ОЧИСТИЛИ ОТ СНЕГА

СНЕГОБОРЬБА

ДВИЖЕНИЕ ПРОДОЛЖАЕТСЯ

С начала года в Уральском регионе выпала почти полуторамесячная норма осадков. Уральские путейцы и все причастные предприятия обеспечивают движение поездов в соответствии с расписанием.

Ануяр БАЙЖАНОВ,
Уральск

Только за одну ночь 24 января в Уральске выпала десятидневная норма осадков. По данным метеорологов, высота снежного покрова превысила на 5 сантиметров уровень 1987 года, самой снежной зимы за последние 35 лет. В связи со сложными погодными условиями регулярно прекращается движение по всем междугородним автомобильным трассам.

В городе круглосуточно идет расчистка дорог, задействовано 150 единиц техники. Акимат арендует самосвалы у строительных организаций, привлекаются студенты и госслужащие. «Уже за первые три недели января объемы вывезенного за пределы города снега были в 8 раз больше, чем в прошлом году» – говорится в официальном

сообщении горакимата.

В столь сложных метеорологических условиях Уральские железнодорожники сумели обеспечить практически бесперебойную работу подвижного состава своими силами. Согласно оперативному плану по снегоборьбе, по мере необходимости в связи с обильными снегопадами для оуборки снега привлекаются работники всех предприятий отрасли Уральского региона.

– В круглосуточном режиме работают 4 единицы техники – 2 снегоборочные машины СМ-2 и 2 снегоочистительные машины СДПМ. Со станционных путей с использованием снегоборочной машины СМ-2 убрано 37 599 кубометров снега. Для очистки перегонов используется однопутный плутовый снегоочиститель СДПМ с отбросом снега в обе стороны пути. С начала зимнего сезона с использованием техники СДПМ очищено



от снега 7 453 километра путей, – пояснил заместитель директора Актобинского отделения магистральной сети по Уральскому региону Руслан Давлетов.

Очистка путей от снега ведется непрерывно на 25 раздельных пунктах, включая 396 стрелочных переводов и 142 закрестовинные кривые. Также дежурными работниками на 12 охраняемых перегодах очищаются от снега и льда 10-метровые площадки и пере-

ездные настилы, обеспечивая безопасность движения поездов.

На очистку железнодорожных путей от снега в штатном режиме привлекается более 150 работников Уральской дистанции пути, а при необходимости и сотрудники всех причастных организаций. Задержек подвижного состава и нестандартных ситуаций по вине Уральских железнодорожников не допущено.

Фото автора

НОВОСТИ

СУДАМ ЕАЭС – ЗЕЛЕНЬ СВЕТА

Соглашение о судоходстве, призванное упростить процедуры перевозки, подписали страны ЕАЭС на заседании Евразийского межправительственного совета в Алматы. Новый документ позволит казахстанскому флоту быстрее проходить по внутренним водным путям России в Черное и Балтийское моря.

В мероприятии приняли участие премьер-министры: Казахстана – Бакытжан Сагинтаев, России – Дмитрий Медведев, Беларуси – Сергей Румас, Кыргызстана – Мухамметкалый Абылгазиев, вице-премьер-министр Армении Мгер Григорян и председатель коллегии Евразийской экономической комиссии Тигран Саркисян. В состав казахстанской делегации вошел также член союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» – директор Ассоциации предпринимателей морского транспорта РК Николай Юдин.

Соглашение о судоходстве создаст единое правовое поле по регулированию отношений, возникающих при плавании судов по водным акваториям стран ЕАЭС. Так, в нем предусмотрено соблюдение законодательства того государства – члена ЕАЭС, в водах которого на текущий момент находится судно. То есть каждая страна предоставит судам ЕАЭС те же права и обязанности, что и собственному флоту.

Наряду с этим будет установлен упрощенный порядок при транзитном проходе по внутренним водным путям, а также сохранен уведомительный при двусторонних перевозках.

– Суть соглашения заключается в том, что должны быть четкие и понятные правила, как они будут осуществлять предоставление своих услуг, если они работают под казахстанским флагом на территории РФ. В этом соглашении прописаны условия, какой бизнес можно осуществлять, – пояснил Тигран Саркисян.

Таким образом, суда Казахстана смогут проходить как по реке Иртыш, так и по реке Обь, вплоть до Обской губы, впадающей в Карское море. Это позволит нарастить перевозки с Российской Федерацией по трансграничной реке Иртыш с 261 тысячи тонн до миллиона к 2023 году, а на Урало-Каспийском водном бассейне – с 55 тысяч тонн до 350 тысяч.

Итогом заседания стало принятие ряда документов по вопросам доступа казахстанских экспортеров угля к услугам морских портов Российской Федерации, о нормативах распределения ввозных таможенных пошлин, а также утверждены механизмы реализации проектов в рамках цифровой повестки Евразийского экономического союза и одобрен проект Соглашения о регулировании алкогольной продукции.

Любовь РОББА

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖҮЗ ПАЙЫЗ ҚАМТЫЛҒАН

Жұмыс орында еңбек қауіпсіздігін сақтау – әр адамның өмірі үшін қажетті қағида. Сол бағытта жыл сайын қауіпсіздік мәселелеріне қомақты қаржы бөлініп отырады.

Атырау магистральдық желі бөлімшесінде өткен жылы еңбек жағдайы мен қауіпсіздікті жақсартуға 33870 мың теңге бөлініп, ол қаражат 102%-ға игеріліпті. 12 айда өндірістегі жазатайым оқиғаларға жол берілмеген. Сут, арнайы киім және жеке қауіпсіздік құралдарымен қамту да жылдағыға қарағанда анағұрлым артқан және киім-кешектің сапасы да жақсара түскені байқалады. Мәселен, теміржолшылар жылы күрте, бас киім, жылы қолғап, ылғалдан қорғайтын күртеше, етік, брезент қолғап, т.б. қажетті киімдер және құралдармен, сондай-ақ санитарлық-тұрмыстық құрал-жабдықтармен 100 пайызға дерлік қамтылған.

Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау

БИЫЛҒЫ МЕЖЕ БЫЛТЫРДАН КӨП

Өткен жылдың қорытындысы бойынша 17 млн 719 мың жолаушыға қызмет көрсеткен ұлттық тасымалдаушы биыл да қарқынын бәсеңдетпек емес. Биылғы меже былтырдан жоғары.

Бұл – «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның ел ішінде қатынаған жолаушылар мен біздің ел аумағы арқылы жүріп өткен транзиттік сахатшыларды қоса есептегендегі көрсеткіші.

Жолаушыларды сапалы қызметпен қамтамасыз ету үшін өткен жылы вагондардың санитарлық-техникалық жағдайына, билетсіз адам, жүк, багаж тасымалдауына 9 мыңнан астам тексеріс жүргізіліп, құқықбұзушылық анықталған жағдайда актілер жасалып, оларды уақытты жою үшін шаралар қабылданған. Бүгінде жолсеріктердің барлығы дәрігерге дейін алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша оқудан өткен. Жолсеріктердің мобильді терминалмен жабдықтауы да сервисі арттырып, жолаушыларды пойызға отырғызу процедурасын жеделдетіп әрі жеңілдеті түсітті.

Атап өтерлігі, «Жолаушылар тасымалы» АҚ қызметінің ашықтығы мен айқындығына түрлі коммуникациялық әлеуметтік желілердегі ақпаратты дәлел. Былтыр Қоғам төрағасының блогына, әлеуметтік желілердегі өзге де ақкаунттарға 2500-ге жуық жазба келіп түскен.

Ислам ТАЛҒАТ

СОҢҒЫ ТҮЙЕНІҢ ЖҮГІ АУЫР

Маңғыстау теміржолының шеткі нүктесі саналатын төртінші класы Опорный станциясындағы жүк айналымының нәтижесі бойынша былтыр біршама оң өзгерістер байқалды.

25 адам еңбек ететін байырғы станцияда келімді-көтімді пойыздар саны шексіз. Маңғыстау түбегіне бет алатын, одан әрі порт арқылы теңіз асатын, Бейнеу арқылы оңтүстіктегі көршілерге бағыт алатын және өңірден кететін барлық жүк және жолаушылар пойыздары осы Опорныйдан өтеді.

4 жолдан тұратын байырғы станцияда 3 кірме жол бар. Станцияны 2012 жылдан бері басқаратын Қармыс Куликов станция кезекшілері, екі пойыз құрастырушы мен бес жүк қабылдап-жөнелтуші, екі тауар кассирі және екі тасымал құжаттары бойынша операторы – барлығы 25 адам шағын болса да күрежолдың бойында жатқан жауапкершілігі жоғары бекеттің жұмысын ұршықтай үйіріп отыр.

– «Соңғы түйенің жүгі ауыр» демекші, бөлімше шекарасында орналасқандықтан бізде жұмыс қауырт, жауапкершілік жүгі одан да жоғары. Опорныйдан көбіне мұнай тиеледі. Мәселен, 2017 жылы бізден салмағы 17788 тоннаны құрайтын 340 вагон тиелген болса, 2018 жылы ол көрсеткіш 35773 тонналық 625 вагон болған. Сонымен қатар алдыңғы жылы 17202 вагоннан жүк түсірілсе, былтыр 18120 вагоннан жүк түсірілген, станцияға көбіне құрылыс заттары, малға жем және ұн, тағы да басқа халық тұтынатын заттар келеді, – дейді станция бастығы.

Ұлан ОРАЗ

ЭЛЕКТР ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ БАБЫНДА

Шымкент электрмен жабдықтау дистанциясында электр жабдықтау құрылғыларының беріктігін жоғарылату бойынша бірқатар іс-шаралар атқарылды.

Өткен жылдың тек желтоқсан айында КС пен ДПР желісінде аспалы ПФ фарфор оқшаулағыштың 25 данасы шыны полимерге, ал жоспар бойынша бір жылда 1000 данасы ауыстырылды. ИКСУ коньсолды оқшаулағыштың 20 данасы да полимер түрімен алмастырылды.

Дистанцияның ДПР және байланыс желісінде бір жылда 10 мыңдай оқшаулағыш фарфорға диагностика жасалды. Байланыс желісінде 990 шақырымға дейін ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. КС-тегі 20 шақты КС-059-1 түйіспе қысқышы да жаңартылды. КС-тегі толықтырушы құрылғының 16 жинақ болат арқаны ауыстырылды. Байланыс желісінде бір жылда 16 дана тірек түзетілді.

Сымдарды жалған тұру үшін тартылған арқан мен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін 8000 тұйық орнатылды. Ішкі автобұғаттау және ұзына бойы жалғасқан электржабдықтау желісінің 182 шақырымға дейін ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Төмен вольтты әуе желісінде 7 км ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалды. АБ және ДПР линиясындағы 12 дана ОМ, ЗНОМ трансформаторына жөндеу жүргізілді. Төмен вольтты іске қосатын 12 дана белгі беру нүктесі ауыстырылды. Жаная СЫДЫҚБАЙ, Шымкент

НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ҚҰРЫҚТЫҢ ҚУАТЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Теміржол және автомобиль жолдары сияқты құрамдас бөлігі бар қазіргі заманғы инфрақұрылымдық объектілермен жабдықталған Құрық порты өткен жылды жақсы көрсеткіштермен қорытындылап, биылға жаңа жоспар түзді.

Әсел ТАҢАТАРОВА,
Маңғыстау

Кешеннің іске қосылуы Транскаспий халықаралық көлік бағытына үлкен серпін бергені анық. Теңізге шығатын жолы жоқ елдер қатарында болған Қазақстан бір ғана Каспий арқылы екі бірдей айлақ құрып, жұмысын жолға қоя білудің нәтижесінде бүгінгі таңда Қазақстан порттарының жалпы қуаттылығы жылына 26 млн тоннаға жеткен.

Құрық порты арқылы Қытайдан Түркияға Баку-Ахалкалаки-Карс жаңа жолын пайдалану арқылы транзиттік жүктерді тиеу қарқынды жүргізілуде. Қазақстандық экспорттық жүктер де жөнелтілуде. Дәнді дақылдар арнайы контейнерлерде Құрық портынан Каспий арқылы Әзербайжан және Грузия, Түркияға тасымалданады. Жүктердің негізгі номенклатурасы: контейнерлік жүктер, мұнай өнімдері, түрлі халық



« БІРНеше жыл бұрын теңізге шығатын жолы жоқ елдер қатарында болған Қазақстан бүгінде бір ғана Каспий арқылы екі бірдей айлақ құрып, жұмысын жолға қоя білді.

тұтынатын тауарлар, астық, құрылыс жүктері, өнеркәсіптік жабдықтар, азық-түлік өнімдері, құбырлар, доңғалақты техника, химиялық, т.б жүктер.

2018 жылғы қаңтар-желтоқсан аралығында Құрық паром кешені арқылы жүктерді ауыстырып тиеу шамамен 2 млн тоннаны, оның ішінде

темір жол вагондарымен 1,9 млн және автомобиль арқылы 80 мың тоннаға жуық жүкті құрады.

Өткен жылы автомобиль терминалының жұмыс қорытындысы бойынша 2351 жүк автокөлігі және 437 жеңіл автокөлік өңделді. Жолаушылар айналымы – 3623 адам. Темір жол терминалы арқылы 23948

ТОРАПТЫҚ ЖИЫН

КЕМШІЛІК ҚАЙТАЛАНБАУЫ ШАРТ

Қызылорда ЖТ бөлімшесінің директоры Аманкелді Арысбаев өткен жылы жылжымалы құрамдардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау барысында жүргізілген шаралардың нәтижесін саралап, «ҚТЖ»ҰК» АҚ басшылығы бекіткен тапсырмалар негізінде үстіміздегі жылы атқарылатын жұмыстарды айқындау мақсатында аймақтың Қызылорда, Шиелі, Қазалы және Сексеуіл станцияларында теміржолшылармен кездесіп, тораптық жиын өткізді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Станцияларда өткен тораптық жиындарға Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры Ибрагим Басықараев, бөлімшенің бас ревизоры Алмат Молдашев, Шұғыл басқару бөлімі басшысы Кенжебек Өтегенов, локомотив шаруашылығы ревизоры Нұртай Байғазы, тепловоз пайдалану бөлімінің басшысы Жангелді Төрединов қатысып, баяндама жасады. Сондай-ақ бөлімшелердің қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің басшылары, кәсіподақ ұйымы

төрағалары мен тораптық мекеме басшылары қатыстырылып, өткен жылы жіберілген кемшіліктердің қыр-сыры ақтарылып, олардың қайталанбау жолдарын қарастыру тапсырылды.

Өткен жыл қорытындысында 16 көрсеткіштің бәрі 9 ай бойы 100 пайыз орындалып келген. Тек соңғы тоқсанда алты көрсеткіш толық орындалмай қалған. Әрине бұл көрсеткіштердің орындалмай қалуына бөлімше теміржолшыларының тікелей кінәсі жоқ. Жыл соңында жылжымалы құрамдардың тәуліктік орташа салмағы, локомотивтің тәуліктік өнімділігі секілді

көрсеткіштерге әсер еткен жағдай көрші Өзбекстан бағытына жөнелтілуі тиіс 294 құраманың қабылданбай, аралықта тасталуы екен.

– Жыл соңында көрші мемлекеттердің қабылдамауына байланысты аралықта тұрып қалған тастанды пойыздар бөлімшенің жұмыс жоспарына қосымша қиындықтар туғызды. Ең соңғы құраманы 9 қаңтарда жөнелттік. Жалпы орындалған 10 көрсеткіш біздің экономикалық қорымызға 472 млн теңге көлемінде табыс әкелді. Ал орындай алмаған 6 көрсеткіштен жоғалтқан ысырабымыз тапқан пайдадан аздау.

РЕЙД

ЖОЛ ҚЫСҚАРТАМЫН ДЕП...

Ақтөбе станциясында кезекті рейд өтіп, теміржолшылар тағы дабыл қағуда. Себебі, жыл басталмай жатып тағы бір адам пойыздың астына түсіп, көз жұмды. Темір жолда тыйым салынған жерден өткені үшін салынатын айыппұл да көмектесер емес, жол қысқартамын деп... өмірін қысқартып алғандар қатары көбеймесе азаяр емес.

Ардақ ЕРҮБАЕВА,
Ақтөбе

Ақтөбе станциясы бастығының орынбасары Асан Жұмағұловтың айтуынша, халықты қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін осынша көлемде айыппұл салынатыны жөнінде біраз уақыт үздіксіз хабарландырып. Бірақ айыппұлдан айыл жиган халық болмапты. Сол баяғыша «сырдың суы келмейді сирағымнан» деп, теміржолды кез келген жерден кесіп өтіп, өзін де, өзгені де қауіп-қатерге ұшыратып, алшаң басып жүргендер көбеймесе, азаймаған көрнеді.

Станциялықтар мен желілік полиция бөлімінің бірлесе өткізген рейді барысында теміржолды кесіп өтіп жүрген жаяу жүргіншілерді тоқтатып, жеке-жеке түсінік жұмыстарын жүргізіп, ескерту жасаған. Келесіде тағы қайталанса, айыппұл салынатыны ескертілген. «Адам бірінші жол қысқартуды емес, қауіпсіздікті ойлау керек. Артық бірнеше метр жүруге ерінбей, ар-

найы жүргіншілер көпірінен өтсеңіз, ұйыңізге аман жететініңізге сенімді боласыз. Өміріңізді сақтаңыз!» деген ескерту он адамның бір-екеуі ескеріп

құлағына ілсе, біз үшін үлкен жеңіс дейді станция өкілі. Жыл басталмай жатып Ақтөбе бөлімшесі аумағында адам өлімімен аяқталған бір оқиға тір-



вагон ауыстырып тиелді.

Бүгінгі күні Құрық – Алат – Құрық бағытында ғана тұрақты қатынас орнатып, болашақта Иран және Түркіменстан бағыттарында да басқа паромдық желілерді іске қосу жоспарлануда. Паромдар сыйымдылығы 54 темір жол вагонына дейін немесе 35 үлкен жүк автомобилін құрайды. Айлақтардың жалпы жобалық қуаты жылына 6 млн.

Порт аумағында жүктерді жедел өңдеу үшін заманауи техникамен және барлық жаңа технологиялармен жабдықталған кедендік ресімдеудің әмбебап ғимараты жұмыс істейді. Мұнда «бір терезе» қағидасы бойынша қызмет көрсетіледі. Бір жерде барлық мемлекеттік қызметтер – кеден, шекара қызметі, фитосанитария, ветеринария, порт қызметтері шоғырланған. Туристер мен жолаушыларға барлық жағдай жасалған. Қонақ үй, асхана, кафетерий бар.

Теміржол терминалының өткізу қабілеті – жылына 4,1 млн тонна, паромдарды өңдеудің толық циклының орташа уақыты: бір қабатты – 6-8 сағат, екі қабатты – 10-12 сағат, бұл тәулігіне 5 паромды өңдеуге, ал автомобиль терминалының өткізу қабілеті – жылына 1,9 млн тонна, паромды толық өңдеудің орташа уақыты – 14-16 сағат, бұл тәулігіне 3 паромға дейін өңдеуге мүмкіндік береді.

Құрық порты – енді ғана аяғынан тұрып келе жатқан жас кешен. Жылдан-жылға қуаттылығы арта түскен айлақ биылғы жылы да жоғары міндеттемелер алып отыр.

Суретті түсірген автор

Дегенмен, осыған қарамастан қорыта келгенде, 2018 жылды табыспен аяқтадық деп айта аламыз. Бөлімше өткен жылы 1936 құрамды өткізді, ал биыл екі жарым мың құрамды өткізуді жоспарлап отырмыз, – деді бөлімше директоры.

Тораптық жиында, сонымен қатар, мекеме басшыларына техникалық сабақтардың сапалы өткізілуін қадағалау, анықталған кемшіліктердің тез арада жолға қойылуын және қайталануына жол бермеу жолдарын қарастыру, тепловоздардың жөндеу деполитарияна сапалы жөнделіп шығуын тиісті мамандардың қатысуымен қатаң бақылауға алынуы, кездескен қауіпсіздік кемшіліктері уақытында жауапты мамандарға ескертіліп, құжат ретінде арнайы журналға тіркеліп, хатталуы қатаң ескертілді. «Ең бастысы, былтырғы қайталанған кемшіліктен сабақ алып, биыл қайталанбауы шарт» деді қорытынды жиында бөлімше басшысы.

келгенін айттық. Қайғылы жағдай 19 қаңтар күні Шалқар станциясының аумағында болған. Пойыз жолдан өтіп кетпек болған 64 жастағы ер адамды басып кеткен.

«Жүргіншілердің белгіленген орындардан өтпей, темір жолды кесіп өтуі осындай оқиғаларды тудырып отыр. Жалпы 2018 жылы Ақтөбе бөлімшесі бойынша 5 рет адамдарды басып кету оқиғасы тіркелді. Оның үшеуі адам өлімімен аяқталса, қалғанында зардап шегушілер денесі кесіліп, мүгедек болып қалды. Халық арнайы қоршауларды да бұзып, өздері үшін ыңғайлы жол салып алуды әдетке айналдырған. Олар ереже бұзғаны үшін үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде салынатын 7545 теңге болатын айыппұлдан айылын да жимайды», – деп шарасыздық танытты Асан Жұмағұлов.

«Ақтөбе-1» станциясында жаяу жүргіншілер көпірі салынған. Бірақ жолдың солтүстік және оңтүстік беттерінде халықтың өздеріне ыңғайлы етіп салып алған жолдары бар. Тұрғындардың дені арнайы көпірмен өтуді алысынып, осы жолдарды кесіп өтуді тоқтатпай отыр. Станция аумағы үш жыл бұрын толықтай қоршауға алынған. Бірақ халық өздері өтетін тұстағы қоршауларды бұзып тастайды екен.

«Станция басшыларымен бірге рейд жұмыстарын тұрақты өткізіп тұрамыз. Өткен жылы темір жол бойын кесіп өткен мыңнан аса тұрғын әкімшілік жауапқа тартылды. Оның 20-ға жуығын жасөспірім балалар құрайды», – дейді Ақтөбе станциясы желілік полиция бөлімінің аға инспекторы Айгүл Алмағамбетова.

В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ

НЕ НАДО СЕЛФИ НА ПУТЯХ!

На 29% снижены нарушения безопасности движения на железной дороге в 2018 году. Об этом сообщил на брифинге по итогам обеспечения безопасности движения в поездах и маневровой работе по сети АО «НК «ҚТЖ» в 2018 году управляющий директор по безопасности АО «НК «ҚТЖ» – директор департамента безопасности движения Марат Шакинов.



Асель ШАЙХИНОВА

Безопасность движения поездов всегда была и остается ключевой задачей ҚТЖ, где система управления безопасностью рассматривается на предмет совершенствования и развития. Так, свыше 3 200 экстренных торможений грузовых и пассажирских поездов для предотвращения наездов на железнодорожных путях зарегистрировано в 2018 году.

В 90% случаев благодаря профессиональным действиям локомотивных бригад удалось не допустить наездов на людей, автотранспорт и скот. К сожалению, при весе грузо-

вого состава в 6 тысяч тонн и скорости движения 60-80 километров в час, длине тормозного пути 600-800 метров, поезд не может остановиться немедленно, сообщили в пресс-службе АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки».

По словам специалистов, главная причина травматизма на путях – неосторожность и невнимательность граждан, переходящих пути в неустановленных местах. Как свидетельствует статистика, 20% людей, пострадавших на железной дороге, ходят в наушниках, не слышат звуковые сигналы локомотива. Также вызывает обеспокоенность поведе-

ние любителей острых ощущений, которые устраивают игры на железнодорожных путях, делают селфи в опасных местах.

– За год проведено более 2 700 разъяснительных встреч по правилам нахождения на железнодорожных путях для жителей населенных пунктов, проживающих вблизи железной дороги. Лекции прослушали более 70 тысяч граждан. Проведено 167 собраний с показом видеороликов в учебных заведениях для учащихся, учителей и родителей на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности», – рассказал Марат Шакинов.

Помимо того, в местах массового перехода людей через железнодорожные пути установлено 2 724 и обновлено 1 428 знаков, предупреждающих об опасности.

